

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының
2021 жылғы 30 сәуірдегі №78 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2021-2025 жылдарға арналған
стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы
ЕСЕП
(2022 жылғы «7» желтоқсандағы № 283 өзгерістерімен бірге)**

Есеп кезеңі: 2023 жыл

Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/орынд алмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
	1	2	3	4	5
1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету					
1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясаты					
1	Инфляция деңгейі	%	7,5-9,5% ¹	9,8%	96,84%-ға орындалды, инфляцияның нақты деңгейінің болжамды мәннен ауытқуы 3,16%-ды құрады (талдамалық жазбаны қараңыз)
2	Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсынымдарынан жоғары)	тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының айларымен	кемінде 5 ай	5,9 ² ай	орындалды
1.2-мақсат. Макроэкономикалық саясатты үйлестіру					
3	Ұлттық Банктің экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қаржыландыруға қатысуы	бағдарламалар саны	1	1	орындалды
3.1	Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы		0	0	орындалды
3.2	«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы		1	1	орындалды
3.3	Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы		0	0	орындалды
3.4	2020-2025 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық дамудың		0	0	орындалды

¹ ҚРҰБ Төрағасының 2022 жылғы 7 желтоқсандағы №283 бұйрығымен енгізілген ҚРҰБ-ның 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес, 2023 жылға арналған инфляция болжамы 2022 жылғы жазғы болжамды раунд қорытындысы бойынша 7,5-9,5%-ды құрады.

² Алдын ала деректер. 2024 жылғы наурызда соңғы деректер қалыптастырылады деп күтіледі.

	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
	«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы				
3.5	Отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларды кредиттеу бағдарламасы		0	0	орындалды
2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу					
2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару					
4	Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі	%	5-10%	5,6%	орындалды
2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылау					
5	ҚР валюталық заңнамасы талаптарын сақтау тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылған уәкілетті банктер үлесі	%	кемінде 10%	21,42%	орындалды
6	Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерумен қамтылған қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі	%	кемінде 40%	44,50%	орындалды (2023 жылы 364 уәкілетті ұйымнан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде 162 тексерілді)
3-стратегиялық бағыт. ҚР Ұлттық қорының активтерін және БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару					
3.1-мақсат. ҚР Ұлттық қорының активтерін одан әрі әртараптандыру					
7	ҚР Ұлттық қорының жинақ портфелін бөлу	%			
7.1	Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі		19-23%	19,93%	орындалды
7.2	Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі		8-12%	9,65%	орындалды
7.3	Дамыған елдердің акциялар портфелінің үлесі		27-33%	33,19%	100,58%-ға орындалды, нақты мәннің жоғарғы шекті мәннен ауытқуы 0,58%-ды құрады
7.4	Балама құралдар портфелінің үлесі		4-5%	2,89%	72,3%-ға орындалды, нақты мәннің төменгі шектен ауытқуы 27,7%-ды құрады

	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
7.5	Алтын портфелінің үлесі		4-5%	5,05%	101%-ға орындалды, нақты мәннің жоғарғы шекті мәннен ауытқуы 1%-ды құрады
3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру					
8	Соңғы 5 жылдағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің орташа жылдық кірістілігі	%	соңғы 5 жылдағы инфляцияның орташа жылдық деңгейінен төмен емес – 10,16%	9,04%	88,98%-ға орындалды нақты болжамды мәннен ауытқу 11,02%-ды құрады
4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржылық технологияларды дамыту					
4.1-мақсат. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу					
9	Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар коэффициенті	%	кемінде 90%	100%	орындалды
4.2-мақсат. Ұлттық төлем жүйесін дамыту және қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыру					
10	Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері	Бөлшек сауданың жалпы көлеміне %	76%	88,7%	орындалды

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының
іске асырылуы туралы 2023 жылғы есепке
ТАЛДАМАЛЫҚ ЖАЗБА**

Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясаты

1-нысаналы индикатор: Инфляция деңгейі

2023 жылы Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстана отырып, ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды.

Ішкі бағалардың сыртқы бағаның күтпеген өзгерісіне бейімделуінің жалғасуы, жеткізулердің логистикалық тізбектерінің қайта бағдарлануы жағдайында, сондай-ақ орнықты ішкі сұранысқа, инфляциялық күтулердің тұрақсыздығына және фискалдық ынталандырудың кеңеюіне байланысты ішкі инфляциялық факторлардың артып келе жатқан әсері кезінде Ұлттық Банктің саясаты 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде ұстап тұруға бағытталды.

Кейіннен, ең алдымен көптеген елдердің, соның ішінде сауда әріптес елдердің монетарлық билігінің қатаң риторикасына, сондай-ақ азық-түлікке әлемдік бағаның баяулауына байланысты болған сыртқы инфляциялық қысымның әлсіреуіне және инфляциялық процестерді тұрақтандыруға арналған трендтің біртіндеп қалыптасуына қарай Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендетуге өтті. 2023 жылғы тамыз – желтоқсан аралығында базалық мөлшерлеме шамамен 16,75%-дан 15,75%-ға дейін (28 тамызда – 16,5%-ға дейін, 9 қазанда – 16,0%-ға дейін және 27 қарашада – 15,75%-ға дейін) 100 базалық тармаққа төмендеді.

Нәтижесінде, Ұлттық Банктің іске асырылып жатқан саясаты тұтынушылық нарықтардағы ұсынысты ынталандыруға бағытталған Үкімет шараларымен бірге инфляцияның ақпандағы 21,3%-дық шарықтау шегінен 2023 жылғы желтоқсанда 9,8%-ға дейін төмендеуіне ықпал етті. Инфляцияның нақты деңгейінің болжамды мәннен (7,5-9,5%) ауытқуы 3,16% болды (96,84%-ға орындалды).

Бұдан кейінгі кезеңдерде ақша-кредит шарттарының орташа қатаң сипатын сақтау болжамдарға сәйкес инфляцияның төмендеуіне, сондай-ақ оның орта мерзімді перспективада 5% деңгейінде тұрақтануына ықпал ететін болады.

2-нысаналы индикатор: Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсынымдарынан жоғары)

Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтерінің көлемі (Ұлттық қордың активтерін есепке алмағанда) 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 35,96

млрд АҚШ доллары болып бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортының 5,9³ айын қаржыландыруды қамтамасыз етті. Осылайша, нысаналы индикатордың мәні іс жүзінде жоспарлы көрсеткіштен асып түсті.

Анықтама үшін: Индикатор тиісті кезеңнің соңындағы жалпы халықаралық резервтер көлемінің (Ұлттық қордың активтерін есепке алмағанда) есепті күннің алдындағы 12 айдағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының орташа айлық деңгейіне арақатынасы ретінде есептеледі.

Импорт базасындағы резервтік активтердің жеткіліктілік индикаторы алтын-валюта резервтерінің деңгейін экономиканың мөлшері мен ашықтығына салыстыру үшін қолданылады және валюта ресурстарының кез келген ағыны толық тоқтатылған жағдайда, ел өзінің қазіргі импорт деңгейін қамтамасыз ете алатын уақыт қатарын көрсетеді. Бұл өлшемшартты негізінен импорт төлем балансындағы шығысының маңызды бөлігі болып табылатын елдер қолданады. Әлемдік практикаға сәйкес **3 айдағы** тауарлар мен қызметтер импортының құнына сәйкес келетін резервтік активтердің мөлшері ең аз жеткілікті болып саналады (ХВҚ ұсынымдарына сәйкес). Ұлттық Банк үшін шекті деңгей 5 ай деңгейінде айқындалған.

1.2-мақсат. Макроэкономикалық саясатты үйлестіру

3-нысаналы индикатор: Ұлттық Банктің экономиканы мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қаржыландыруға қатысуы

Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясына сәйкес Ұлттық Банктің 2025 жылға қарай осы процесті аяқтай отырып, экономиканы қолдау бағдарламаларынан біртіндеп шығуы көзделген.

Нысаналы индикативтерге қол жеткізілген соң бағдарламаларды аяқтағаннан кейін Ұлттық Банк экономиканы кредиттеудің нарықтық қағидаттарын дамыту үшін жағдайлар жасау жөніндегі шараларды жалғастырады.

3.1-нысаналы индикатор: Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы

Бағдарлама 2021 жылы аяқталды.

Анықтама үшін: 2021 жылдың қорытындысы бойынша 1 551 кәсіпкерлік субъектісіне (233 ДК, КП - 48, ШОК - 1 270) 1,1 трлн теңге сомада 11 785 қарыз берілді, оның ішінде қайтарымды қаражат есебінен – 510,7 млрд теңге сомада 6 798 қарыз берілді.

3.2-нысаналы индикатор: «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы

Бағдарлама 2023 жылы аяқталды.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 30 маусымдағы тапсырмасы бойынша Ұлттық Банк Басқармасының 2022 жылғы 27 тамыздағы № 76 қаулысымен импортты алмастыруға және азық-түлік қауіпсіздігіне бағытталған 1 трлн теңгеге дейін бюджеті бар «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын қаржыландыру 2023 жылдың соңына дейін ұзартылды.

³ Алдын ала деректер. 2024 жылғы наурызда соңғы деректер қалыптастырылады деп күтіледі.

Бағдарламаның шарттары бойынша кредиттеу банктердің меншікті қаражаты есебінен де, облигациялық қарыздар ретінде тартылған Ұлттық Банктің қаражаты есебінен де жүзеге асырылуы мүмкін.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктер мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 2 553,4 млрд теңгеге 4 549 өтінім қабылдап, 1,42 трлн теңгеге қарыз берді, оның ішінде Ұлттық Банктің қаражаты есебінен 370,2 млрд теңге, екінші деңгейдегі банктердің меншікті қаражаты есебінен – 1 047,5 млрд теңге, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ – 4,7 млрд теңге.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» Қазақстан халқына Жолдауының шеңберінде «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді бағдарламасына біріктіруді тапсырды (*Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асырудың Жалпыұлттық жоспарының 58-тармағы, жинақтау үшін жауапты мемлекеттік орган ҚР ҰЭМ*).

3.3-нысаналы индикатор: 2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамтудың жол картасы.

Бағдарлама 2021 жылы аяқталды.

Анықтама үшін: 2021 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 100 млрд теңге сомада 2021 жылға арналған жұмыспен қамтудың жол картасы қаржыландырылды (РБ қаражатына қосымша). 50 млрд теңге агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға, 50 млрд теңге инфрақұрылымды дамытуға бағытталды. Ұлттық Банктің Жұмыспен қамтудың жол картасын іске асыруға қатысуы іскерлік белсенділікті қолдауға айтарлықтай ықпал етті және халықтың жұмыспен қамтылуына септігін тигізді.

3.4-нысаналы индикатор: 2020-2025 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық дамудың «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы.

Ұлттық Банк тәрпынан қаржыландыру 2021 жылы аяқталды. Бұрын револьверді негізде бөлінген қаражатты пайдалануды жалғастыру есебінен 2023 жылы ҚТҮҚЖБ кезекте тұрған адамдарды кредиттеуге 6,8 млрд теңге (2023 жылдың соңында – 225 млрд теңге жинақталды) берілді.

3.5-нысаналы индикатор: Отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушыларды кредиттеу бағдарламасы.

Ұлттық Банк Басқармасының 2021 жылғы 24 мамырдағы №56 шешімімен Жеңілдікпен автокредиттеу бағдарламасының күші жойылды.

Бұдан бұрын Ұлттық Банк 2019-2020 жылдары Бағдарлама шеңберінде бөлген 40 млрд теңге сомадағы қаражатты пайдалану мүмкіндігімен жеңілдікпен автокредиттеуді Үкімет пен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрылымдары жүзеге асырады.

2023 жылғы 27 желтоқсандағы жағдай бойынша банктер 78,5 млрд теңге жалпы сомада отандық автоөндірушілердің автокөлігін сатып алуға 12 030 кредит берді: ҚРҰБ 2019-2020 жылдарға бөлген қаражаттан 40 млрд

теңге; револьверлік қаржыландыру есебінен 38,5 млрд теңге.

2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу

2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару.

4-нысаналы индикатор: Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың 70%-ын ескере отырып, арнайы резервтің нақты мөлшері 1 134,4 млрд теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасынан 5,6%-ды құрады. Осылайша, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың 70%-ын ескере отырып, арнайы резервтің нақты деңгейі арнайы резервтің жоспарлы деңгейіне сәйкес сақталуда.

Анықтама үшін: «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) арнайы резерві қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясынан айырылған жағдайда, сондай-ақ бір банктің активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде басқа банкке беру жөніндегі операцияны жүргізу кезінде банк мүлкінің мөлшері мен кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырманы толтырған кезде ең алдымен жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің депозиттері бойынша төлемдерді қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Арнайы резерв жинақтаушы негізде негізінен депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тоқсан сайынғы жарналары, сондай-ақ жинақталған резервті инвестициялаудан түскен кірістер есебінен қалыптастырылады. Арнайы резерв қаражаты барынша сақталу және олардың құнын жоғалтудың ең аз тәуекелі қағидаты бойынша инвестицияланады. Сонымен қатар Қордың арнайы резерві жеткіліксіз болған жағдайда, кепілдік берілген өтемақы төлемдерін жүзеге асыру үшін Қордың меншікті қаражаты да – жарғылық капиталдың 70%-ы пайдаланылуы мүмкін.

2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылау.

5-нысаналы индикатор: ҚР валюталық заңнамасы талаптарын сақтау тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерулермен қамтылған уәкілетті банктер үлесі.

Ұлттық Банк уәкілетті банктерді валюталық заңнаманың талаптарын сақтау тұрғысынан дербес тексеруде (тәуекелдер дәрежесі негізінде).

2023 жылы тексерумен қамтылған уәкілетті банктердің үлесі жоспарлы мәннен асып түсіп (10%), уәкілетті банктердің жалпы санынан 21,42% болды. Жыл ішінде 28 банктен 6 уәкілетті банк тексерілді, атап айтқанда: «ForteBank» АҚ, «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ, «Bereke Bank» АҚ, «Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қытайдың Алматы қаласындағы сауда-өнеркәсіп банкі» АҚ.

Уәкілетті банктер анықталған валюталық заңнаманың талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Уәкілетті банктердің

тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды жоюы туралы талаптар шығарылды.

Анықтама үшін: «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес валюталық операцияларды, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін, Қазақстан Республикасында құрылған банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ шетелдік банктердің Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын филиалдары уәкілетті банктерге жатады.

6-нысаналы индикатор: Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексерумен қамтылған қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 364 уәкілетті ұйымда қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге жарамды лицензиялары болды.

2023 жылы Ұлттық Банк тәуекел дәрежесін бағалау негізінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша уәкілетті ұйымдарға 162 тексеру жүргізді.

Валюталық бақылау мәселелері бойынша инспекциялау тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде жүзеге асырылды.

Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы 104 іс қозғалды. 84 іс бойынша айыппұл түрінде, 18 ескерту түрінде жаза қолданылды, 2 іс құқық бұзушылық құрамы болмауына байланысты тоқтатылды. 84 іс бойынша Ұлттық Банк пен соттар салған айыппұлдар сомасы шамамен 27,4 млн теңге болды.

Осы аталғандардан басқа, тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті ұйымдарға қатысты 89 қадағалап ден қою шарасы қолданылды, 1 уәкілетті ұйымға қатысты Ұлттық Банк қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясынананың және оның қосымшасының қолданылуын 1 айлық мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдады.

3-стратегиялық бағыт. ҚР Ұлттық қорының активтерін және БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару

3.1-мақсат. ҚР Ұлттық қорының активтерін одан әрі әртараптандыру.

7-нысаналы индикатор: ҚР Ұлттық қорының жинақ портфелін бөлу.

7.1-нысаналы индикатор: Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі.

7.2-нысаналы индикатор: Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі.

7.3-нысаналы индикатор: Дамыған елдердің акциялар портфелінің үлесі.

7.4-нысаналы индикатор: Баламалы құралдар портфелінің үлесі.

7.5-нысаналы индикатор: Алтын портфелінің үлесі.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының балама құралдар портфелін қалыптастыру туралы» Ұлттық Банк Басқарманың 2023 жылғы 21 тамыздағы №62 қаулысына сәйкес активтерді консервативтіктен теңгерімді стратегиялық бөлуге көшуді аяқтау шеңберінде Ұлттық қордың жинақ портфелінің құрамында 1,29 млрд АҚШ доллары мөлшеріндегі АВА балама құралдар портфелінің жеке капитал қорларына, жылжымайтын мүлік қорларына және хедж-қорларға инвестициялайтын арнайы мақсаттағы компаниялардың (SPV) акцияларының және (немесе) үлестерінің 50%-ын, **Ұлттық қордың баламалы құралдар портфелінің** (бұдан әрі – ҰҚ БҚ) пайдасына сату арқылы ҰҚ БҚ қалыптастырылды.

Осылайша, жыл соңында нарықтық құн **1,5 млрд АҚШ доллары** болған кезде (ақшалай қаражатты есептегенде) жинақ портфеліндегі ҰҚ БҚ портфелінің үлесі **2,89%** деңгейінде қалыптасты.

Ұлттық қорды басқару стратегиясы ұзақ мерзімді болып табылатынын және активтердің бекітілген стратегиялық бөлінуін сақтауға бағытталғанын атап өту маңызды. Ұлттық Банк Ұлттық қордың жинақ портфелі активтерін теңгерімді стратегиялық бөлу шеңберінде ҰҚ БҚ портфелін толықтыру бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Жинақ портфелі құрамындағы **дамыған елдер акциялары портфелінің** үлесі 27-33% мөлшеріндегі нысаналы көрсеткіштен асып, 30,00%-дан 33,19%-ға дейін өсті. Акциялар үлесінің өсуі акциялар нарығының есепті жылы, атап айтқанда 4-тоқсанда (*өсу – 11,5%*) қалпына келуімен байланысты. Бұл ретте «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 101 қаулысына сәйкес баламалы құралдар портфелін қалыптастырғаннан кейін жинақ портфелі активтерін нысаналы стратегиялық бөлу акциялар үлесін 30%-дан 35%-ға дейінгі аралықта ұстауды көздейді.

Алтын портфелінің үлесі нысаналы көрсеткіш 5% болғанда 4,99%-дан **5,05%**-ға дейін ұлғайды. Алтын үлесінің өсуі есепті жылы алтын бағасының 13,8%-ға өсуіне байланысты. Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес алтын портфелінің үлесі бойынша 5% мөлшеріндегі шектеу активтерді алтын портфеліне ауыстыру кезінде қолданылады. Мәселен, алтын қоржынын толықтырғаннан кейін алтынның нарықтық құны ұлғайған жағдайда Ұлттық қордың жинақ қоржынындағы алтын қоржынының үлесі 5%-дан асуы мүмкін.

Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының үлесі 20,85%-дан **19,93%-ға** дейін, корпоративтік облигациялардың үлесі 9,89%-дан **9,65%-ға** дейін төмендеді. Облигациялар үлесінің азаюы негізінен есепті кезеңдегі акциялар мен алтын портфелінің қарқынды өсуімен байланысты.

ҚР Президентінің 2023 жылғы 10 шілдедегі № 282 Жарлығымен бекітілген Ұлттық қордың активтерін басқару жөніндегі 2030 жылға дейінгі тұжырымдамаға сәйкес 2023 жылдың қорытындылары бойынша Ұлттық қордың жинақ портфелін теңгерімді стратегиялық бөлуге көшу аяқталғаннан кейін қаржы құралдарының белгіленген нысаналы үлестеріне жыл сайын қайтару (қайта теңгерімдеу) тәжірибесін енгізу жоспарланған болатын. Мәселен, Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларына сәйкес теңгерімді стратегиялық бөлуге көшудің аяқталуын ескере отырып, 2024 жылдан бастап теңгерімді бөлу активтері сыныбының үлесі оның нысаналы салмағынан 3%-дан жоғары ауытқыған жағдайда, жыл сайынғы негізде есепті жылдан кейінгі бірінші тоқсанның соңына дейін қайта теңгерімдеу жүргізу жоспарлануда. Бұл ретте баламалы құралдарға қатысты ол өтімділікті және портфельдерді қайта теңгерімдеуге байланысты шығындарды ескере отырып жүргізіледі.

Қайта теңгерімдеу жөніндегі қағидаларды тәртіптік іске асыру активтерді теңгерімді стратегиялық бөлудің сақталуын қамтамасыз ететін болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024 - 2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында активтер сыныптарының нысаналы үлестері теңгерімді стратегиялық бөлуден 3%-ға дейінгі мөлшерде жол берілетін ауытқу ескеріле отырып белгіленген.

«7.3. Дамыған елдердің акциялар портфелінің үлесі», «7.4 Баламалы құралдар портфелінің үлесі» және «7.5 Алтын портфелінің үлесі» индикаторларының нысаналы көрсеткіштерден нақты ауытқуына қарамастан, нысаналы индикаторлардың мәндері қайта теңгерімдеуді талап етпейтін рұқсат етілген ауқым шегінде болады.

3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігін арттыру.

8-нысаналы индикатор: БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 5 жылдағы орташа жылдық кірістілігі.

Сол кезеңдегі орташа жылдық инфляция 9,04% мөлшерінде болған кезде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 5 жылдағы (2019-2023) орташа жылдық кірістілігі 10,16% болды.

Теріс нақты кірістілік жергілікті және халықаралық қаржы нарықтарының едәуір құлдырауымен (қаржы құралдарын нарықтық қайта бағалаудан есептелген шығын 499,2 млрд теңгені, оның ішінде шетелдік активтер бойынша - 389,9 млрд теңгені құрады), сондай-ақ соңғы онжылдықтардағы тарихи жоғары инфляциямен сипатталған 2022 жылдың нәтижесіне негізделген.

Анықтама үшін: 2019 жылы инфляция 5,4% болған кезде кірістілік 6,6% болды, 2020 жылы инфляция 7,5% болған кезде кірістілік 10,9% болды, 2021 жылы инфляция 8,4% болған кезде кірістілік 11,1% болды, 2022 жылы инфляция 20,3% болған кезде кірістілік 6,5% болды, 2023 жылы инфляция 9,8% болған кезде кірістілік 10,1% болды.

Нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін есепті кезең ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызмет жүзеге асырылды. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес 2023 жылға мақұлдаған бағыттар шеңберінде БЖЗҚ зейнетақы активтері мынадай түрде инвестицияланды:

- жылдық 13,5% орташа өлшенген кірістілігімен 1 384,4 млрд теңге сомасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;

- жылдық 19,8% орташа есептелген кірістілігімен 10,0 млрд теңге сомасына екінші деңгейдегі банктердің облигациялары сатып алынды.

2023 жыл ішінде зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің құрылымын белгіленген стратегиялық аллокацияға келтіру жөніндегі жұмыс жалғасты. Мәселен, валюталық портфельден дамыған елдер облигацияларының үлесі 29,1%-ға дейін (нысаналы мәні 30%), дамушы елдер облигацияларының үлесі - 23,0%-ға дейін (нысаналы мәні 25%), корпоративтік облигациялардың үлесі - 17,4%-ға дейін (нысаналы мәні 20%), акциялардың үлесі - 21,6%-ға дейін (нысаналы мәні 25%) ұлғайды.

2023 жылы зейнетақы активтері жалпы сомасы 1 930,0 млн АҚШ доллары мөлшерінде, оның ішінде 1 010,0 млн АҚШ доллары «Жаһандық акциялар» мандаттары бойынша, 150 млн АҚШ доллары «Дамушы елдердің облигациялары» мандаты бойынша және 770,0 млн АҚШ доллары «Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша шетелдік басқарушы компаниялардың сыртқы басқаруына берілді.

Сонымен қатар, БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілікті алу және ұстап тұру үшін зейнетақы активтері бойынша бос ақшалай қалдықтары кірістілігі бойынша ақша нарығының құралдарына жылдық 14,75%-дан 17,75%-ға дейінгі ауқымында күн сайын инвестицияланды.

4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржылық технологияларды дамыту

4.1-мақсат. Қаржы нарығына қаржы технологиялары мен инновацияларды енгізу

9-нысаналы индикатор: Қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалар коэффициенті

2020-2025 жылдарға арналған қаржылық технологиялар мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманың жол картасына сәйкес

2023 жылға 2 негізгі бағыт және 6 бастама бойынша **12 бағыт (іс-шаралар)** бойынша жұмыстар жоспарланған, оларды іске асыру Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – ҚРҰБ), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – ҚНРДА) және басқа да қатысушыларға бекітілген.

Негізгі басымдық - «Цифрлық реттеуші»

1) «SupTech және RegTech - жоғары технологиялық өзара іс-қимылды құру, дата-орталықтық қадағалау мен реттеуді дамыту» бастамасы.

«Бірыңғай электрондық форматта егжей-тегжейлі транзакциялық деректерді автоматты түрде жинау» бағыты (іске асыру мерзімі - 2023 жылғы 1-тоқсан, ҚРҰБ, «Банктік сервис бюросы» АҚ (бұдан әрі – «БСБ» АҚ)), ҚНРДА, нарыққа қатысушылар, RegTech ұйымдары)

Деректерді тікелей жүктеуді енгізу жөніндегі жұмыстар шеңберінде:

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – «БҚОД» АҚ):

Мәртебесі: Орындалды.

2023 жылғы 1-тоқсанда ҚРҰБ мен «БҚОД» АҚ арасындағы 2020 жылғы 15 желтоқсандағы Ақпарат алмасу туралы келісім шеңберінде «БҚОД» АҚ-тың ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі – АЖ) бағалы қағаздар бойынша транзакциялық деректерді тікелей жүктеу функционалын пайдалануға беру жөніндегі Деректерді сақтау автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесін (бұдан әрі – «ДС» ААШЖ) дамыту бойынша жұмыстар аяқталды. Бағалы қағаздар бойынша деректер витринасын өнеркәсіптік пайдалануға (2022 жылғы 24 ақпандағы «ДС» ААШЖ өткізу/қабылдау актісі) енгізу жүзеге асырылды

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Қазақстан қор биржасы» АҚ:

Мәртебесі: Орындалды: 2023 жылға жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды:

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Қазақстан қор биржасы» АҚ операциялары бойынша деректер витриналарын кейіннен іске асыра отырып, «ДС» ААШЖ-ға транзакциялық деректерді тікелей жүктеуге көшу бойынша жұмыс жалғастырылды. Деректерді тікелей түсіруді жүзеге асыру үшін өзара іс-қимылдың технологиялық аспектілері және деректер витриналарының жобалары пысықталды.

«Өзара іс-қимылдың «бірыңғай терезесін» құру» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 2-тоқсан, ҚРҰБ, ҚНРДА, «БСБ» АҚ, нарыққа қатысушылар)

Мәртебесі: Орындалды.

Қаржы нарығы субъектілерінен есептілікті жинау үшін Бірыңғай терезе қағидатын іске асыру мақсатында деректерді жинау және өңдеу бойынша

ескірген жергілікті шағын жүйелердің⁴ функционалын Бірыңғай платформаға⁵ көшіру жөніндегі жұмыстар 2021 жылы аяқталды: екінші деңгейдегі банктердің деректерін «КЖБЖ» ААШЖ платформасында дата-центрлік форматта жинау өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді, қаржы нарығының субъектілерінен «матрицалық» есептерді жинау «ҚРСК» ААШЖ-ға ауыстырылды.

«Электрондық құжат айналымына өту» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 2-тоқсан, ҚРҰБ, ҚНРДА, «БСБ» АҚ, нарыққа қатысушылар)

Мәртебесі: Орындалды.

ҚРҰБ:

- ✓ «Documentolog» электрондық құжат айналымы жүйесіне (бұдан әрі – ЭҚЖ) (қызмет клиенттері) қосылған;
- ✓ электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесімен интеграцияланған өзге ЭҚЖ-ға қосылған;
- ✓ «Documentolog Business» бұлтты сервисі арқылы қаржы нарығына қатысушылармен электрондық құжат айналымын қамтамасыз етті.

Өз кезегінде, ҚНРДА мемлекеттік органдардың бірыңғай орталықтандырылған бұлтты құжат айналымына (БҚА) көшті, бұл олардың ақпараттық жүйесін Smart Bridge сервисі арқылы БҚА-мен интеграциялау арқылы қаржы нарығымен электрондық құжат айналымын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

«RegTech сервистерін дамытуды ынталандыру» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 2-тоқсан, ҚНРДА, ҚРҰБ, RegTech ұйымдары)

Мәртебесі: Орындалды.

Қаржы ұйымдарының реттеу талаптарын орындау тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін RegTech сервистерін дамытуды ынталандыру жөніндегі бастаманы іске асыру шеңберінде ҚНРДА 2022 жылы қаржы ұйымдарының RegTech технологияларын: тәуекелдерді басқару, контрагенттің жеке басын сәйкестендіру және анықтау (KYC – Know your customer – «Өз клиентіңді таны») бағыттары бойынша қолдануына қосымша талдау жүргізді. Талдау негізінде қадағаланатын ұйымдарға реттеу жүктемесін азайту үшін RegTech сервистерін дамыту бағыттары айқындалды. Қаржы нарығына қатысушылардың негізгі ұсыныстарында қаржы ұйымдарынан мемлекеттік органдарға есептілікті беру үшін және KYC рәсімдерін жүзеге асыру, мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялау үшін сервистерді оңтайландыру үшін бірыңғай терезе құру қажеттілігі көзделді. 2023 жылы жеке тұлғалардың банкроттығы жөніндегі процестер шеңберінде екінші деңгейдегі банктерді мемлекеттік органдардың дерекқорларының

⁴ ҚРҰБ ақпараттық жүйелері – «Жинақтаушы зейнетақы қорларының және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың есептілігін қалыптастыруды автоматтандыру» ААШЖ, «Сактандыруды қадағалау» ААШЖ, «Статистика» ААШЖ, «Төлемдер статистикасы» міндеттер кешені

⁵ Қаржы нарығы субъектілерінің деректерін жинау мен өңдеудің бірыңғай платформасы екі ақпараттық жүйемен ұсынылған – «Қаржылық реттеушілік статистикалық көрсеткіштер» ААШЖ (бұдан әрі – «ҚРСК» ААШЖ) және «Көрсеткіштерді жинаудың бірыңғай жүйесі» ААШЖ (бұдан әрі – «КЖБЖ» ААШЖ)

сервистерімен интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізілді. «Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 наурыздағы №140 Жарлығы шеңберінде екінші деңгейдегі банктер мен кредиттік бюроларды заңды тұлғалар, олардың кірістері мен мүлкі туралы мемлекеттік дерекқорлармен интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жұмыс Қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде жалғасады.

Негізгі басымдық - «Цифрлық инфрақұрылым»

2) «Open API және Open Banking-ті дамыту» бастамасы

«Open API енгізу тәсілдерін анықтау және Open Banking үшін қажетті реттеуші базаны құру» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 4-тоқсан, ҚРҰБ, ҚНРДА)

Мәртебесі: Орындалды.

ҚРҰБ, ҚНРДА және бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (бұдан әрі – БҚДА) бірлесіп 2022 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасында 2023-2025 жылдарға арналған Open API және Open Banking дамыту тұжырымдамасын, сондай-ақ оны іске асыру жөніндегі Жол картасын бекітті.

Бекітілген Тұжырымдама қаржы, төлем ұйымдары мен көрсетілетін қызметті жеткізуші тараптар арасында деректермен алмасудың технологиялық қауіпсіз, бірдей және қолжетімді жүйесін рет-ретімен дамытуды және құруды және 2025 жылға қарай Қазақстанда Open API және Open Banking платформасын толығымен іске қосуды көздейді.

2023 жыл ішінде ашық банкинг тұжырымдамасын енгізудің мынадай негізгі кезеңдері іске асырылды:

- қаржы нарығына қатысушылар арасында стандартталған және қауіпсіз деректер алмасу процестерін реттейтін Open API стандарттары әзірленді;

- Ұлттық Банктің еншілес ұйымы – «ҚРҰБ Ұлттық төлем корпорациясы» АҚ базасында қатысушылардың API аккредиттелуін және жариялануын, оларды сервистерге қосуды қамтамасыз ететін open API технологиялық платформасы әзірленді;

- Open API платформасының құрамдас бөлігі болып табылатын және қаржы нарығының тысқары қатысушыларына өзінің банктік шоттарына және қаржылық ақпаратқа қол жеткізуді ұсыну бойынша клиенттердің нұсқауларын тіркеуге, сақтауға және орындауға мүмкіндік беретін келісімдерді басқару сервисі әзірленді;

- Open Banking экожүйесіне қатысушы қаржы ұйымдарының техникалық ерекше нұсқамалары, Қағидалары мен талаптары, өзара іс-қимыл жасау және электрондық хабарламалармен алмасу тәртібі әзірленді.

Қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп 2023 жылғы 1 қарашада банктік шоттар және олардағы ақша қалдығы туралы ақпарат алу сценарийін іске асыра отырып, Open API платформасын пилоттық режимде іске қосу жүзеге

асырылды. Пилоттық платформаны іске қосуға 5 банк және олардың клиенттері («Bank RBK» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Home Credit Bank» АҚ және «Отбасы Банк» АҚ) қатысты.

3) «Қаржылық маркетингтік платформаны дамыту» бастамасы

Нарыққа қатысушылармен сақтандыру саласында маркетингтік платформаны дамыту мен тәсілдерін пысықтау» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 2-тоқсан, ҚНРДА, ҚРҰБ, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ (бұдан әрі – «МКБ» АҚ)

Мәртебесі: Орындалды.

ҚНРДА сақтандыру нарығына қатысушылармен сақтандыру саласында маркетингтік платформаны дамыту мен тәсілдерін пысықтады. 2023 жылғы 8 маусымда ҚНРДА «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ-ға (бұдан әрі – «ҚКҚ» ЗТБ) сақтандыру саласында маркетингтік платформаны дамыту мен тәсілдерін пысықтау нарығына қатысушылардың шоғырландырылған ұстанымын ұсыну туралы сұрату жолдады. Жұмыс топтары отырыстарының қорытындысы бойынша «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ алаңында сақтандыру өнімдері үшін электрондық платформа (маркетингтік) құруға ұсыныстар әзірленді және тәсілдер айқындалды. Бұл ұсыныстарды ҚНРДА ескеріп, ҚНРДА Басқармасы 2023 жылғы 15 қарашада қабылдаған НҚА⁶ жобасына енгізілді. Көрсетілген НҚА «маркетингтік (цифрлық платформа)» ұғымын айқындайды және сақтандыру саласындағы маркетингтік иелеріне қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

Өткізілген іс-шаралар нарықтың мүдделі қатысушыларына маркетингтік платформаны құруға және сақтандыру қызметтерін тұтынушыларға бірыңғай терезе арқылы сақтандыру компанияларының сақтандыру өнімдерін және сақтандыру шарттарының талаптарын салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде сақтандыру өнімдерінің желісін кеңейтуге және жақсартуға, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал ететін болады.

«Нарыққа қатысушылармен ипотека саласында маркетингтік платформаны дамыту мен тәсілдерін пысықтау» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 2-тоқсан, ҚНРДА, ҚРҰБ)

Мәртебесі: Орындалды.

ҚНРДА қаржы нарығына қатысушылармен ипотека саласында маркетингтік платформаны дамыту мен тәсілдерін пысықтады. Қаржылық маркетингтік платформаны дамыту үшін жағдай жасау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі тұрғысынан заңнамалық және нормативтік

⁶ «Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларын және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 50 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 84 қаулысы

құқықтық актілерге талдау жүргізілді. Талдау нәтижелері бойынша қаржы нарығында ипотека саласындағы маркетплейстерді құруға кедергілердің жоқтығы анықталды.

Сонымен қатар, ҚНРДА және БҚДА-мен бірлесіп бекітілген ҚР-да 2023-2025 жылдарға арналған Open API және Open Banking дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар шеңберінде қаржы ұйымы және оның өнімдері туралы ашық деректерді беру жөніндегі стандартты іске асыру бойынша пилоттық жоба жоспарланған. Аталған шаралар ашық банкинг технологияларының негізгі мүмкіндіктерімен бірге дербестендірілген қаржылық сервистер мен өнімдерді, адалдық бағдарламаларын әзірлеуге, талдамалық және статистикалық қаржылық есептерді құруға, маркетплейстер мен агрегаторларды дамытуға ықпал ететін болады.

«Нарыққа қатысушылармен бағалы қағаздар бойынша маркетплейс құрудың орындылығы мен тәсілдерін пысықтау» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 2-тоқсан, ҚНРДА, ҚРҰБ, «БҚОД» АҚ)

Мәртебесі: Орындалды.

ҚНРДА «БҚОД» АҚ базасында нарыққа қатысушылармен бірге бағалы қағаздар бойынша маркетплейс құрудың орындылығы мен тәсілдерін бағалау бойынша жұмыс жүргізді. «БҚОД» АҚ «Жеке кабинеті» платформасындағы қызметтердің экожүйесін дамыту нарыққа қатысушыларымен бірге бағалы қағаздар бойынша маркетплейс құру жөніндегі бастаманы неғұрлым тиімді іске асыру болып табылатыны айқындалды.

Аталған платформа шеңберінде клиенттердің барлық санаттарына қолданылатын «БҚОД» АҚ қызметтерінің барлық тізбесін ұсыну жоспарлануда. Қазіргі сәтте «Жеке кабинет» платформасында сыртқы клиенттер үшін іскерлік қатынастарды тіркеу, авторизациялау және орнату функционалы, сондай-ақ басты беті, содан кейін «Эмитент», «Депонент», «Ұстаушы», FAQ (frequently asked questions), жаңалықтар кабинеттері, пайдаланушының жеке профилі тәжірибелік пайдалануға енгізілді.

Ішкі пайдаланушылар үшін іскерлік қатынастарды орнату бойынша алынған өтініштері көрсетіле отырып, «Ішкі портал» ретінде интерфейс енгізілді, бизнес-процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі (Business Process Management System) арқылы берілген рөлдерге сәйкес өтініштерді келісу процесі ретке келтірілді.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап «БҚОД» АҚ бағалы қағаздар шығарылымдарын тіркеу жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер порталын іске қосты, бұл «Эмитенттің жеке кабинеті» платформасында эмитенттерге арналған қызметтер бойынша «бірыңғай терезе» тұжырымдамасын ілгерілетуге ықпал етуге арналған.

«Қаржы маркетплейстерін құру үшін Smart Bridge жобасымен интеграцияны үйлестіру» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 4-тоқсан, ҚРҰБ, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі)

Мәртебесі: Орындалды.

Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын (бұдан әрі – ҰТФИ) дамыту шеңберінде Open API технологиялық инфрақұрылымы әзірленіп, Smartbridge-пен интеграцияланды, ол қаржы нарығына қатысушыларға бір-бірімен, азаматтың келісімімен мемлекеттік ақпараттық жүйелермен «бір терезе» форматында ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Қаржы нарығына қатысушыларды қосу және оларды ҰЦҚИ-мен техникалық интеграциялау үшін технологиялық және заң талаптары әзірленді.

ҰЦҚИ-мен интеграция негізінде қаржы ұйымдарына Smartbridge-пен өзара іс-қимылдың және банк деректеріне қол жеткізудің технологиялық мүмкіндігі беріледі, бұл қаржы нарығына қатысушыларға әртүрлі қаржы өнімдері мен көрсетілетін қаржылық қызметтерді интеграциялап, осы арқылы маркетплейстер құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ҰЦҚИ-ға қосылудың баламасы ретінде қаржы нарығына қатысушылар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Бірыңғай талаптарға сәйкес келген жағдайда Smartbridge-ке регламенттелген тікелей рұқсатқа ие болады.

4) «Төлем инфрақұрылымын дамыту» бастамасы

«Ұлттық цифрлық валютаны құру туралы шешім (бөлінген тізілім технологиялары базасында)» бағыты (іске асыру мерзімі 2023 жылғы 4-тоқсан, ҚРҰБ, ҚБЕО)

Мәртебесі: Орындалды.

2022 жылғы желтоқсанда цифрлық теңгені енгізу қажеттілігі туралы ұсынылған шешіммен Қорытынды баяндама жарияланды. Цифрлық теңгені 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен енгізу туралы шешім қабылданды.

2023 жылы цифрлық теңге жобасын іске асыру шеңберінде:

- бөлінген тізілім технологиясы негізінде Цифрлық теңге платформасы әзірленді, Ұлттық Банк жүйелерімен және пилоттық жобаға қатысушылармен интеграция және тестілеу жүргізілді;

- эмиссия және операцияларды цифрлық теңгемен есепке алу тәртібін регламенттейтін Ұлттық Банктің ішкі актісі әзірленіп, бекітілді;

- техникалық талаптарды, сервистердің сипаттамаларын, қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібін, жұмыс және есеп айырысу механизмін айқындайтын техникалық құжаттама және Жүйенің жұмыс істеу қағидалары әзірленді.

Шектеулі контурдағы цифрлық теңгенің пилоттық жобасы (*банктер мен олардың қатысушы клиенттерінің шектеулі саны*) 2023 жылғы 15 қарашада 4 банктің қатысуымен іске қосылды. Пилоттық жоба шеңберінде олардың арасында төлемдер мен аударымдар жасау, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз ақшаны цифрлық теңгеге конвертациялау және керісінше мүмкіндігімен цифрлық шоттарды ашу және жүргізу сценарийі іске асырылды. Халықаралық төлем жүйелерінің (Visa, MasterCard) қатысуымен цифрлық теңге базасында «цифрлық банк картасы» іске қосылды, оның шеңберінде банкоматтарда қолма-қол ақшасыз төлеу және қаражат алу мүмкіндігі пилотталады. Сонымен қатар,

Алматы қаласының екі мектебінің базасында бастауыш сынып оқушыларының тегін тамақтануын ұйымдастыру үшін цифрлық теңге негізінде «Цифрлық ваучерлер» іске қосылды.

Платформаны іске асыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, жоба 2025 жылы толық көлемде іске қосылады

5) «Транзакцияларды тіркеу тетіктерін дамыту» бастамасы

«Сақтандыру келісімшарттарының орталықтандырылған базасын (БСДҚ) дамыту» бағыты (іске асыру мерзімі 2023 жылғы 2-тоқсан, ҚНРДА, ҚРҰБ, «МКБ» АҚ)

Мәртебесі: Орындалды.

Бірыңғай сақтандыру дерекқоры (бұдан әрі – БСД) сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, бірлескен қайта сақтандыру бойынша деректер базасын қалыптастыруды және жүргізуді СҚ⁷ туралы Заңның және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарының негізінде жүзеге асырады.

1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі – КҚИ АҚЖМ) бойынша сақтандыру жағдайларын онлайн реттеуді енгізу шеңберінде 2022 жылғы 4-тоқсанда БСД-да сақтандырушылардан сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты онлайн режимде қабылдау үшін модуль құрылды, сондай-ақ 2023 жылғы 12 желтоқсандағы шарттардың барлық түрлері бойынша сақтандыру жағдайлары бойынша онлайн режимде сақтандырушылардан міндетті және ерікті сақтандыру ақпаратын қабылдау үшін платформа пысықталды және іске қосылды.

2. 2023 жылғы наурызда «МКБ» АҚ сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібі рәсімі бойынша АРІ әзірледі (Еуропалық хаттама). «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ, «МКБ» АҚ-пен және сақтандыру компаниялары бірлесіп 2023 жылғы 12 желтоқсандағы сақтандыру жағдайын тіркеудің оңайлатылған тәртібін іске асырды, сондай-ақ «Фридом Иншуранс» АҚ платформасымен және «Халық» сақтандыру компаниясының платформасымен тиісті интеграция жүргізілді.

3. КҚИ АҚЖМ бойынша сақтандыру журналдарын қалыптастыру жөніндегі функционал 2024 жылғы 31 қаңтарда өнеркәсіптік пайдалануға ауыстырылды. Кейіннен БСД-да сақтандырудың қалған міндетті сыныптары бойынша сақтандыру журналдарын қалыптастыру бойынша алдын ала сценарийлер әзірленді.

4. БСД-да қайта сақтандыру/бірлесіп сақтандыру/бірлескен қайта сақтандыру шарттары бойынша деректерді енгізу үшін модуль, сондай-ақ сақтандыру брокерлерінің, қайта сақтандырушылардың анықтамалықтарының функционалы әзірленді.

5. Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша БЖЗҚ-мен интеграция жүргізілді, жоба 2023 жылғы 25 желтоқсанда іске қосылды.

⁷ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000ж. 18 желтоқсандағы №126-ІІ Заңы

6. Зейнетақы алдындағы аннуитет шарттары бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен интеграция жүргізілді, жоба 2023 жылғы 22 желтоқсанда іске қосылды.

б) «Мониторинг, бақылау, алаяқтық пен киберқауіптерге қарсы іс-қимыл тетіктерін дамыту» бастамасы

«Нарыққа қатысушылардың ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылы тетігі (қаржы секторында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздік салалық орталығының жұмысын ұйымдастыруды және дамытуды қоса алғанда)» бағыты (іске асыру мерзімі – 2023 жылғы 1-тоқсан, ҚНРДА, ҚРҰБ)

Мәртебесі: Орындалды.

Қаржы нарығы мен төлем қызметтері нарығына қатысушыларға жинақталған артефактілер мен киберқауіптер туралы деректерді бірлесіп пайдалануға мүмкіндік беретін ҚРҰБ, ҚНРДА және Ақпараттық қауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының технологиялық платформаларының интеграциясы іске асырылды.

4.2-мақсат. Ұлттық төлем жүйесін дамыту және қолма-қол ақша айналымын ұйымдастыру.

10-нысаналы индикатор: Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері

2023 жылы бөлшек сауданың жалпы көлеміне шаққанда халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің үлесі 88,7%-ды құрады.

Халықтың қолма-қол ақшасыз операциялары көлемінің өсуінің негізгі факторлары:

– халықтың төлемдер мен аударымдарды жүргізу кезінде қашықтықтан цифрлық сервистерді пайдалану жөніндегі қалыптасқан әдеттері;

– қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымның кеңеюі (терминалдар желісін кеңейту, мобильді қосымшаларды дамыту), жаңа төлем құралдарының, мысалы, QR-кодтардың танымалдылығының артуы;

– екінші деңгейдегі банктердің қашықтықтан қызмет көрсетулерді жетілдіруі және халыққа цифрлық форматта қызмет көрсету үшін жағдайлардың жасалуы, оның ішінде кэш-бэк төлемдерін және басқа да бейілділік бағдарламаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүргізуде халықты ынталандыруы болды.

Жалпыға бірдей декларациялауға көшу шеңберінде, сондай-ақ ҚР Қаржыминінің МКК жеке тұлғалардың жеке операциялары бойынша кәсіпкерлік қызметтің белгілерін анықтау және жеке тұлғалардың банктік шоттарының мониторингі жөніндегі бастамасын ескере отырып, 2024 жылы жоғарыда аталған факторлардың қолма-қол ақшасыз төлемдер көлемінің бөлшек сауда көлеміне арақатынасын төмендетуге әсері күтілетінін қосымша атап өтеміз.